


**ЖОҒАРЫ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ:
МӘСЕЛЕЛЕР, ЖАҢАШЫЛДЫҚ, ДАМУ БОЛАШАҒЫ
ВУЗОВСКОЕ И ПОСЛЕВУЗОВСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ:
ПРОБЛЕМЫ, ИННОВАЦИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ**

МРНТИ 14.35.18

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2024.83.3.012>

А.Е.Берикханова,¹  Б.О.Сапарғалиева,¹  Л.О.Сарсенбаева,^{2*} 
Ж.К.Ибраимова¹ 

¹Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан
²Тұран университеті, Алматы қ., Қазақстан

**ACTION RESEARCH ТЕОРИЯСЫ МЕН ҮЗДІК ТӘЖІРИБЕЛЕРІНІҢ
ДИССЕМИНАЦИЯСЫ ЖОО ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУ БЕЛСЕНДІЛІГІН
АРТТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ**

Аңдатпа

Мақалада Action Research әдіснамасының педагогикалық және психологиялық аспектілері, оның ПОҚ зерттеу белсенділігін дамытудағы артықшылықтары, сондай-ақ Action Research идеясын зерттеуші ретінде педагог тұлғасын дамытудың тиімді құралдарының бірі ретінде таратудың рөлі ашылады. Action Research үздік тәжірибелерін тарату бірлескен зерттеу ортасын құруға, университеттің ғылыми әлеуетін арттыруға, зерттеу процесіне оқытушылардың, жас ғалымдардың және студенттердің барлық мүдделі қатысушыларын тартуға ықпал етеді. Мұның бәрі білім беру сапасын арттыруға, оқыту практикасын жақсартуға, педагогика ғылымының жетістіктерін педагогтердің кәсіби практикасына неғұрлым тығыз біріктіруге мүмкіндік береді. Бұл зерттеу сонымен қатар жоғары оқу орындарының ПОҚ арасында жүргізілген сауалнама нәтижелерін талдауды және түсіндіруді қамтиды, оның негізінде Action Research енгізудің негізгі артықшылықтары, сондай-ақ деректерді графикалық визуализациялау көрсетілген.

Action Research тұжырымдамасын тарату процесінің өзектілігі, оның ғылыми негіздемесі және эксперименттік деректердің нәтижелерімен расталуы осы жұмыстың негізгі мақсатын құрайды. Диссеминация неғұрлым кең болса, университеттің дамуы және оның зерттеу университетінің моделіне айналуы соғұрлым тұрақты болады. Бұл мақаланың маңыздылығы жас зерттеушілерге ғылыми жарияланымдар, авторлық бағдарламалар, әдістемелік құралдар, кәсіби желілік қауымдастықтарда тәжірибе алмасу түрінде зерттеу нәтижелерін тарату туралы құнды тұжырымдар мен ғылыми-әдістемелік ұсыныстармен қамтамасыз етіледі.

Түйін сөздер: Action Research, диссеминация, педагогикалық рефлексия, кәсіби тәжірибеге интервенция, сыни ойлау

Берикханова А.Е.,¹ Сапарғалиева Б.О.,¹ Сарсенбаева Л.О.,^{2*} Ибраимова Ж.К.¹

¹Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г.Алматы, Казахстан

²Университет Туран, г.Алматы, Казахстан

**ДИССЕМИНАЦИЯ ТЕОРИИ И УСПЕШНЫХ ПРАКТИК ACTION RESEARCH КАК
ОСНОВА ПОВЫШЕНИЯ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ АКТИВНОСТИ
ПРЕПОДАВАТЕЛЕЙ ВУЗОВ**

Аннотация

В статье раскрываются педагогические и психологические аспекты методологии Action Research и его преимущества в развитии исследовательской активности ППС, а также роль диссеминации идеи Action Research как одного из эффективных инструментов развития личности педагога как исследователя. Диссеминация лучших практик Action Research способствует созданию коллаборативной исследовательской среды, повышению научного потенциала вуза, вовлечению в исследовательский процесс всех заинтересованных участников как преподавателей, молодых ученых так и самих

студентов. Все это позволяет повысить качество образования, улучшить практики преподавания, более тесно интегрировать достижения педагогической науки в профессиональную практику педагогов. Данное исследование включает также анализ и интерпретацию результатов проведенного анкетирования среди ППС вузов, на основе которого выделены основные преимущества внедрения Action Research, а также графическая визуализация данных.

Актуальность процесса диссеминации концепции Action Research, ее научное обоснование и подтверждение результатами экспериментальных данных составляют основную цель данной работы. Чем шире диссеминация, тем более устойчивым является развитие вуза и ее трансформация в модель исследовательского университета. Важность данной статьи обеспечивается также ценными выводами и научно-методическими рекомендациями для молодых исследователей о распространении результатов исследований в форме научных публикаций, издании авторских программ, методических пособий, обмена опытом в профессиональных сетевых сообществах.

Ключевые слова: Action Research, диссеминация, педагогическая рефлексия, интервенция в профессиональную практику, критическое мышление.

Berikkhanova A.,¹ Sapargaliyeva B.,¹ Sarsenbayeva L.,^{2}, Ibraimova Zh.¹*

¹ Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

² Turan University, Almaty, Kazakhstan

DISSEMINATION OF THE THEORY AND SUCCESSFUL PRACTICES OF ACTION RESEARCH AS A BASIS FOR INCREASING THE RESEARCH ACTIVITY OF UNIVERSITY TEACHERS

Abstract

The article reveals the pedagogical and psychological aspects of the Action Research methodology, its advantages in the development of research activity of teaching staff, as well as the role of dissemination of the idea of Action Research as one of the effective tools for the development of the personality of a teacher as a researcher. Dissemination of the best practices of Action Research contributes to the creation of a collaborative research environment, increasing the scientific potential of the university, involving all interested participants in the research process, both teachers, young scientists and students themselves. All this makes it possible to improve the quality of education, improve teaching practices, and more closely integrate the achievements of pedagogical science into the professional practice of teachers. This study also includes the analysis and interpretation of the results of a survey conducted among university teaching staff, on the basis of which the main advantages of implementing Action Research, as well as graphical visualization of data, are highlighted.

The relevance of the dissemination process of the Action Research concept, its scientific justification and confirmation by the results of experimental data constitute the main purpose of this work. The wider the dissemination, the more sustainable is the development of the university and its transformation into a model of a research university. The importance of this article is also provided by valuable conclusions and scientific and methodological recommendations for young researchers on the dissemination of research results in the form of scientific publications, the publication of author's programs, methodological manuals, and the exchange of experience in professional online communities.

Keywords: Action Research, dissemination, pedagogical reflection, intervention in professional practice, critical thinking.

Кіріспе. Білім беру сапасын дамытудың ең тиімді тетіктерінің бірі педагогтардың кәсіби тәжірибесіне үздік ғылыми жетістіктерді интеграциялау. әрбір ұстаздың тәжірибелік қызметін зерттеушілік іс-әрекетпен ұштастырғанда ғана оның мәртебесі көтеріледі. Себебі, ғылым және жоғары білім контексінде заманауи моделі үздіксіз білім беру, оқыту және ғылыми зерттеудің ажырамас бірлігінен тұрады. Тек ғылым бір орында тұрмай уақыт талабына сай оқу мазмұнын ғылымыландырып, болжамды деректермен қамтамасыз ете алады. Зерттеу нәтижелерін оқу процесіне кіріктіру – зерттеу формаларын әртараптандыруға, айналасында пікірталастар ұйымдастыруға мүмкіндік береді [1]. Осыған байланысты ЖОО-ның оқытушыларында проблемалық мәселелер мен зерттеушілік белсенділіктің түрлі стратегияларын қолдану қызметінің аясы кеңейді. Ғылыми-зерттеу қызметінің міндеттерін өзгермелі қоғамның талаптарына жауап беретін маман даярлау – жоғары оқу орындары үшін

көкейкесті мәселеге айналып отыр. Оқытушылардың бәсекеге қабілеттілігінің дамуы практикалық және креативті дағдылары, кәсіби жетістіктері ғылымның түрлі салаларында шығармашылық түсіну деңгейіне шықпай кәсіби шебердік шыңына жету мүмкін емес.

Білім беру ортасының тез өзгеруі және жоғары білім сапасына қойылатын талаптардың артуы жағдайында оқытушылар арасында озық педагогикалық тәжірибені тарату маңызды стратегиялық мақсат болып табылады. Бұл мақсатқа жетудің тиімді және конструктивті әдестердің бірі – Action research (Іс-әрекеттегі зерттеу). Бұл тәсіл оқытушыларға өздерінің педагогикалық және кәсіби тәжірибелерін жақсартып қана қоймай, жұмыста қол жеткізге бірқатар жетістіктерін басқа да әріптестерімен бөлісіп, ғылыми және шығармашылық тұрғыда коллаборативті ортаға кірпіш болып қалануларына мүмкіндік береді. Университет оқытушыларының күнделікті тәжірибелерінде тікелей педагогикалық ғылым мен педагогикалық тәжірибені өзара кіріктіру негізінде олардың ғылыми зерттеушілік әлеуеті артып, білім беру сапасы және жалпы кәсіби деңгейін жоғарлай түсуі анық. Осы бағытта Action research концепциясының психологиялық-педагогикалық негіздеріне тоқталып өту маңызды. Action research – жоспар құру, іс-әрекет жасау, бақылау және кері байланыс секілді спиральды кезеңдердің циклінен тұратыны белгілі. Білім беру саласындағы мұндай үрдіс нақты дидактикалық проблемаларды шешуге, оқытудың жаңа технологияларын анықтауға және ғылыми үдеріске оларды табысты енгізуге, сондай-ақ профессор-оқытушылық құрамның кәсіби шеберлігін арттыруға бағытталады[2].

Action research-тің психологиялық тұрғыда аспектілерін зерттеу барысында ПОҚ-ның кәсіби шаршаудан арылып ғылыми жұмыстармен айналысуға деген ынтасының оянуы, зерттеушілік құзыреттілігінің кеңейуі, рефлексиялық және шығармашылық ойлауының дамуы сынды ерекшеліктері негізгі мәнге ие. Action research-ке қатысатын оқытушылар педагогикалық рефлексия негізінде өзіндік тәжірибесін тереңірек зерттеуге бағытталған кәсіби негіздегі алынған деректерге анализ жасап, инновацияны интервенциялауды жетілдіруге ұмтылады. Мұндай үдеріс оқытушыларға бейформалды зерттеу тәсілдерін креативті бағалауға және олардың оңтайлы шешімдерін табуға көмектеседі.

Сонымен қатар оқытушылардың Action research-пен айналысуға деген ынтасының артуына психологиялық аухал және зерттеушілік ынтымақтастық қоғамдастықтың болуы, командалық немесе ұжымдық бірлесе зерттеу арқылы жақсы өзгерістерге қол жеткізулері, кәсіби тұрғыда оқытушы мәртебесінің жоғарлауы зор ықпалын тиігізеді. Зерттеу қызметіне қатысу, педагогика ғылымының үздік тәжірибелерін өзінің кәсіби қызметінде енгізу педагогтың жұмыс нәтижелері үшін жауапкершілік сезімін арттырады.

ПОҚ-тың кәсіби түрде өзін-өзі жетілдіру, үздіксіз даму үстінде жүруі Action research – пен айналысудағы психологиялық аспектісін кеңейте түседі. Зерттеу барысында олар аналитикалық талдау, креативті ойлау және оңтайлы шешім қабылдау дағдыларын яғни *Soft* дағдыларын дамытады, бұл олардың жалпы кәсіби шеберлігін арттырып, зерттеу белсенділіктерін нығайтады.

Педагогикалық аспектілерінің аясы өте ауқымды Іс әрекеттегі зерттеудің әріптестердің коллаборативті зерттеуі мен интербелсенділігін атауға болады. Action research аясында олар бір-бірімен коммуникативтілігінің арқасында белсенді зерттеулер жүргізеді. Өзіндің тәжірибелерінде кездескен келеңсіз жағдайларымен, жоғары деңгейде қол жеткізген нәтижелерімен бөліседі, нәтижелерін талқылайды және жаңа әдістемелерді әзірлейді. Мұндай тәжірибе алмасу ұжымдық педагогикалық мәдениетті дамытуға және кәсіби байланыстарды нығайтуға ықпал етеді.

Оқытуда зерттеу әдістерін қолдану: белсенділікті зерттеу әдісі зерттеу дағдыларын педагогикалық практикаға біріктіреді, бұл оқытушыларға білім беру мәселелерін шешуге ғылыми көзқарасты қолдануға мүмкіндік береді. Бұл оқытудың ғылыми деңгейін арттырады және оқытудың инновациялық әдістерін енгізуге ықпал етеді.

Зерттеу тәжірибесін бағалау және түзету: Action research оқытушыларға объективті деректер негізінде зерттеу әдістерінің тиімділігін бағалауға және қажет болған жағдайда

түзетулер енгізуге мүмкіндік береді. Бұл зерттеушілік қызметтің сапасын арттыруды қамтамасыз етіп, тиімді әрі бейімделгіш зерттеу ортасын құруға ықпалын тигізеді.

Э.Уилсонның пікірінше, Action research тиімділігі: ғылыми-теориялық зерттеулер бойынша, ғылыми жоба, іргелі зерттеулерге қатысатын оқытушылар өздерін іс-әрекет тәжірибелерінде кәсіби шеберлік пен шынайы сенімділіктің жоғарғы сатыдан көрсете алады. Мәселен, Еуропа университеттерінің бірінде жүргізілген зерттеуде Action research-ке қатысатын оқытушылар өздерінің зерттеу дағдыларын едәуір жақсартқаны анықталды, бұл оқу үдерісінің табысты болуына әсер етті. Сондықтан қазіргі ғылым мен білім беру жүйесі әлемдік стандарт талаптарына сай академиялық ынтымақтастықта жұмыстар атқарады [3].

Ұжымда өзара әрекеттесу арқылы тәжірибе тарату: Action research тәсілін кіріктіру прогресі оқытушылардың өзара тәжірибе алмасып, практикада кездескен түрлі жағдаяттарды бірлесіп шеше алатын кәсіби қауымдастықтарды құруға алып келді. Бұл тәсіл зерттеу саласында білім мен тәжірибе алмасу мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндік беріп, нәтижесінде ғылым мен білімнің сапасын арттырады.

Зерттеу саласындағы инновациялар: Action research қолданбасы зерттеу іс-әрекетіне инновацияларды енгізуді талап етеді. Зерттеу жүргізетін оқытушылар көбінесе жаңа оқыту әдістерін әзірлейді және сынақтан өткізеді, содан кейін олар әріптестеріне таратады. Осылайша елімізде орта білім беру мен жоғары білім жүйесінде Lesson study, Action Research сынды инновациялық тәсілдерді табысты қолдана бастады. Бұл жоғары және орта білім беру бағдарламалары мен ғылым саласында технологиялық тұрғыда үнемі жаңарып отыруына ықпал етеді.

Жоғарыда келтірілген фактілер жиынтығы аталмыш тәсілдерді оқытушылар өзіндік кәсіби дамуының қуатты құралына айналдырды десе де болады, олардың педагогикалық қызметі мен оқушыларға берілетін білім сапасын жақсартуға ықпал етеді. ПОҚ-ң зерттеу белсенділігі ауқымын кеңейтуге, кәсіби жетістіктерге қол жеткізуіне әбден мүмкін.

Action Research –тің негізін салушы *K.Lewin* – ұжымда шиеленіскен өзекті мәселелерді шешу және оқыту үдерісін жақсарту мақсатында зерттеу мен оқыту әрекетін біріктіретін әдіснама деп тұжырымдайды. Action Research (Іс-әрекетті зерттеу) – белгілі бір проблеманы шешу және нақты ортақ үдерісті жеңілдету негізінде тәжірибе мен зерттеуді кіріктіруге бағытталған зерттеу әдістемесі. Ол жағдаяттарды ыңғайластыру үшін құрылымдық тәсілді ұсынады және жаңартылған білім мен зерттеу дағдыларды қалыптастыруға негіз болады [4].

Іс-әрекеттегі зерттеуде оқытушы өз жұмысында күнделікті қолданатын рефлексия мен сыни өзіндік рефлексияның кеңеюін білдіреді. Іс-әрекеттегі зерттеу оқыту тәжірибесін ұйымдастыруға, жоспарлауға, дамытуға және жақсартуға саналы көзқарастың бір жолын ұсынады.

Action Research – тің зерттеулерді жүйелі және бірізділікпен жүргізудің спиральды аспектісі ретінде білімде тәжірибеден ажырата алған кезде пайда болады және үздіксіз (спираль тәрізді) процесте тірек білімге сүйенеді деген тұжырымға келді [5].

Action research әдіснамасы арқылы жоғары оқу орындары оқытушылары кәсіби тәжірибесін тарата алады. Бұл тәсіл психологиялық, педагогикалық тұрғыдан оқытушылардың педагогикалық тәжірибелерін жетілдіріп қана қоймай, тиімді кәсіби даму ортасын өзгертуге белсенді түрде ықпал етеді Action research-ті жоғары білім беру жүйесінің оқыту және зерттеу іс-әрекетіне кіріктіру әр оқытушы үшін маңызды шешім болып табылады. Себеі, үздіксіз кәсіби жетілдіру процесінің қатысушысы ретінде динамикалық және инновациялық ғылыми прогресс болатын кәсіби тәжірибені өзгерту ортасын құруға мүмкіндік береді.

Негізгі ережелер. Диссеминация латынша «disseminatio» — дисперсия дегенді білдіреді. Бұл зерттеуші-ғалымдардың пайдалы ақпараттары мен өзат тәжірибелерін жас зерттеушілерге немесе түрлі деңгейдегі кең аудиторияға тарату үдерісі болып табылады. Жоғары білім контекстіндегі диссеминация – тәжірибелі мамандар білім беру процесінің басқа

қатысушыларына, жас мамандарға коуч, ментор, сыншы дос, тәлімгер ретінде өзіндік қол жеткізген оң және теріс нәтижелерімен бөлісіп талқылайды, тіпті қажет болса оларды да өз зерттеуіне араластыра алады. Бұл зерттеуші үшін өте маңызды. Себебі, кері байланыс, сын пікір немесе, рефлексия жасау арқылы жаңа креативті идея түзіледі. Ол өз кезегінде зерттеу жұмысының ары қарай дамуына әсерін тигізеді.

ЖОО оқытушысының кәсіби тәжірибесін таратудың мәні -білім мен тәжірибені беруден тұрады. Оқытушылар көп жылдық жұмыс, зерттеу және тәжірибе нәтижесінде жинақталған білімдері мен тәжірибелерімен бөліседі. Бұл инновациялар мен жаңартылған білім мен біліктіліктері арқылы өзара тәжірибе алмасады.

Диссеминация жеке идея мен әзірленген немесе қолданылған инновациялық зерттеу тәсілдерін университеттер мен оқу бағдарламаларына ауқымды түрде тәжірибе енгізуге көмектеседі. Ғалым-педагог Н.Е.Мұқанова мен Б.Н.Тулегеновалардың пікірінше, білім сапасын арттырып, оқытушылар өздерінің кәсіби тәжірибелерімен бөліскен кезде, білім деңгейін көтеруге, зерттеу белсенділігін ынталандыруға тиімділігі зор, өйткені озат тәжірибелі мамандар мен болашақ түлектері өз әріптестері мен студенттерді шеберлік сыныптарында табысты жұмыс жасауға дайындайды. Кәсіби қоғамдастық құрылымының жұмысына да әсері мол. Тәжірибе тарату – білім алмасуға, кәсіби түрде бірін-бірі қолдауға және зерттеу процесін жақсарту үшін бірлесіп жұмыс жасауға қабілетті оқытушылар желісін құруға жақсы. Тіпті ғылыми жобаларға қатысып, ғылыми мақалалар жариялауға және халықаралық конференцияларда еркін баяндама жасауға ынталандырады. Бұл олардың кәсіби өсуіне және ғылыми қоғамдастыққа енуіне ықпал етеді[6].

Ғылым саласындағы диссеминация формалары төмендегідей:

- Ғылыми жарияланымдар, монография, оқу құралдары.
- Ғылыми конференция, семинар және вебинарларда баяндама жасау.
- Әріптестер үшін тәлімгерлік тренингтерін және шеберлік сыныптарын өткізу.
- Кәсіби қағамдастықтар мен байланыс желілеріндегі жұмыс.
- Коллаборацияға негізделген ғылыми жобалар мен бағдарламаларға қатысу және т.б.

Оқытушылардың диссеминация жасауы – педагогикалық практиканы үздіксіз жетілдіруді қолдайтын және Action research сынды зерттеу тәсілін кіріктіре отырып жасалатын қызметтің негізгі тетігі болып талатын жоғары оқу орындарының білім сапасын арттырып, ғылыми әлеуетін дамытады, әлемдік рейтингін арттырады.

Action research арқылы ЖОО оқытушыларының кәсіби тәжірибесін тарату білім беру ортасындағы зерттеу белсенділігін дамытудың маңызды аспектісі болып табылады. Action research зерттеу нысаны ретінде оқытушыларға студенттердің қажеттіліктері мен зерттеушілер ортасындағы өзгерістерге қатысты бейформалды зерттеуге бейімдеуге үйретеді.

Зерттеу жұмыстарын талдай келе, табысты мәдениетаралық өзара әрекеттесу оқытушылардың ынтымақтастыққа дайындығына және олардың оқыту әдістерін әртүрлі мәдени контексттерге бейімдеуге байланысты (Elliott, J. 1991) [7]. Кәсіби тәжірибені таратудың маңызды аспектісі білім беру ресурстарының қолжетімділігін арттыру үшін цифрлық технологияларды пайдалану болып табылады. COVID-19 пандемиясы және қашықтықтан оқытуға көшу жағдайында Оқытушылар өздерінің оқыту әдістері мен тәсілдерін бейімдеу қажеттілігіне тап болды, бұл олардан зерттеу жұмыстарына белсенді қатысуды талап етті (Altrichter, H., Feldman, A., Posch, P. and Somekh, B. (2007) [8]. Бұл бірлесіп жұмыс істеу және зерттеу нәтижелерін талқылау платформалары арқылы қол жеткізуге болатын оқытушылар арасында үздіксіз кәсіби даму мен тәжірибе алмасудың маңыздылығын көрсетеді. Осылайша, іс-әрекет әдісі арқылы кәсіби тәжірибені тарату оқытушылардың зерттеу белсенділігін дамытуға жағдай жасайды. Бұл оқытушылардан кәсіби қағамдастықтарға белсене араласуды және үздіксіз білім алуға және өзін-өзі дамытуға дайын болуды талап етеді.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу жұмысында қолданылатын әдістемелердің бірі – Action research қағидасын көздейтін сандық және сапалық әдістер қолданылды. Бұл

әдістеменің негізгі жоспар, іс-әрекет, бақылау және рефлексияны қамтитын спиарльды кезеңдерді біріктіреді, мұндай әдістер оқытушыларға нақты жағдайда өздерінің педагогикалық тәжірибелерін зерттеуде және оны жоғары деңгейде жетілдіруге мүмкіндік береді.

1. *Жоспар.* Бұл кезеңде ПОҚ өзіндік тәжірибесінің аспектілерін анықтайды. Ол үшін оқытушылар өздерін қызықтыратын мәселелерге байланысты бар зерттеулер мен теориялық тәсілдерді зерттейді. Бұл проблеманы шешудің мүмкін болатын жолдарын анықтауға және зерттеу әдістерін таңдауға көмектеседі.

Фокус-топтар мен сұхбат жүргізу: оқытушылар бар педагогикалық тәжірибелер туралы пікірлер мен идеяларды жинау үшін әріптестерімен және студенттермен пікірталастар өткізеді. Бұл білім беру процесінде нақты проблемалар мен қажеттіліктерді анықтауға көмектеседі. Сауалнама -студенттерді зерттеу процесіне қосу туралы деректерді алуға және оны жақсартуды қажет ететін тәсілдерді табуға мүмкіндік береді.

2. *Әрекет ету.* Жоспарлаудан соң оқытушылар өз тәжірибелеріне нақты педагогикалық өзгерістерді ендіретін әзірлеме дайындайды: – зерттеудің бейформады және интербелсенді әзірлеу және енгізу: заманауи технологияларды, оқытудың белсенді әдістерін пайдалануды, оқу процесін дараландыруды және зерттеу жұмысымен коллаборациясы т. б. жаңа стратегияларды, әдістерді әзірлейді және сынақтан өткізеді. Пилоттық тестілеу жобасы: әдістемелерді практикаға толық енгізбес бұрын, олардың тиімділігі туралы бастапқы деректерді алуға мүмкіндік беретін фокус-топтарда пилоттық тестілеу жүргізіледі.

3. *Бақылау.* Бұл кезеңде енгізілген өзгерістер студенттердің білім беру процесі мен нәтижелеріне қалай әсер ететіні туралы деректерді жинау болып табылады. Келесі әдістер қолданылады: Аудиториялық сабақтарды бақылау: оқытушылар студенттердің жаңа оқыту әдістеріне қалай жауап беретініне жүйелі түрде бақылау жүргізеді, олардың қатысуын, белсенділік деңгейін және оқу үлгерімін тіркейді. Студенттердің оқу жетістіктерін талдау: жаңа креативті идеяларды енгізгенге дейін және одан кейінгі алынған деректерді салыстырып, өзіндік әдістемелерін эксперименттік топтарды жүргізе бастайды, Онда бақылау, тәжірибе жасау, сауалнама т.б. зерттеудің эмпирикалық әдістерін қолданады. Нәтижесінде эксперимент әсерін бағалауға мүмкіндік береді. Зерттеуші-ғалымдардың кері байланыстары зерттеу процесін одан әрі жақсарту бойынша ұсынымдар алуға көмектеседі.

4. *Рефлексия* кезеңі алынған деректерді талдауды және жүргізілген зерттеудің тиімділігін анықтауды қамтиды. Нәтижелерді талдау, салыстыру, енгізілген өзгерістердің жетістіктері мен кездескен кедергілерді анықтайды. Әріптестермен қорытындыларды талқылап, мүмкін болатын дұрыс жолдарды іздестіреді және қосымша ұсыныстар алу үшін нәтижелерді әріптестермен алмастыру маңызды. Әрі қарай елесі қадамдар жоспарланады: нәтижелерге байланысты оқытушылар өз тәжірибелеріне өзгерістер енгізеді, жаңа идеяларды қосып зерттеуді жалғастыруы немесе алған нәтижелерін кең аудиторияға тарату туралы шешім қабылдайды.

5. *Нәтижелерді тарату.* Әдістеменің соңғы кезеңі әріптестер мен кең академиялық аудитория арасында зерттеу нәтижелерін таратуды қамтиды. Оқытушылар әріптестері үшін практикада кездескен кедергілерді жеңу немесе проблемаларды шешу бойынша түрлі іс-шаралар нәтижесін ұсынады, онда өз әзірлемелерімен бөлісіп практикалық ұсыныстар бере алады.

Халықаралық форумдар мен конференцияларға қатысу оқытушыларға өз зерттеулерінің нәтижелерін ұсынуға, тәжірибе алмасуға және басқа әріптестермен ғылыми ынтымақтастық орнатуға мүмкіндік береді. Осылайша, ұсынылған Action research зерттеу әдіснамасы озық тәжірибені таратуға және кәсіби дағдыларды арттыруға септігін тигізіп, педагогикалық практиканы зерделеуде және оны жетілдіруге жүйелі тәсілді т.рдеқамтамасыз етеді [9].

Сауатты ұйымдастырылған Action Research-ті ЖОО оқытушылар өз практикасы жағдайында тиімді қолдану арқылы зерттеу белсенділігін арттыруда маңызды болмақ.

Action Research тәжірибені жаңарту мақсатында түрлі мәселелерді шешу үшін білім беру мен қатар басқа да салаларда кеңінен табысты қолданылып келеді. Зерттеудің бұл бейформалды формасы – практикалық тәжірибені инновациялық идеямен және креативті әрекет ету тәсілдерімен байытуға болады, бұл оны нақты мәселелерді шешуде күшті құрал етеді [10].

Кесте-1. Action Research негізіндегі кәсіби тәжірибені тарату аспектілері

Аспекттері	Сипаттамалары
Білім және ғылым саласындағы диссеминация мақсаты	Білім сапасын арттыру мен зерттеу белсенділігін дамытуда оқытушылардың оңтайлы тәжірибесін тарату.
Әдіснамалық негізі	Action Research- проблеманы анықтау, оған жоспар құруды, жаңа идеялар мен өзгерістер енгізу және дәйекті нәтижелерді бағалау қызметін қамтитын циклдік зерттеу процесі.
Action Research негізгі кезеңдері	1. Мәселені анықтау. 2. Ис-қимыл жоспарын әзірлеу. 3. Өзгерістерді енгізу. 4. Нәтижелерді бағалау.
Action Research-тің рөлі	Ғылыми зерттеулерді оқытушылардың практикалық қызметімен біріктіру, олардың кәсіби және зерттеу белсенділігін арттыру.
Диссеминация формалары	- Ғылыми журналдарда Жарияланымдар. - Шеберлік сыныптары мен семинарлар. - Конференцияларда тәжірибе алмасу. - ЖОО ішіндегі тренингтер мен жұмыс топтары.
Зерттеу белсенділігіне әсері	- Жарияланымдар санының артуы. - Сыни ойлауды дамыту. - Оқытушылардың өзін-өзі бағалауын арттыру. - Зерттеу ұжымдарын қалыптастыру.
Action Research артықшылықтары	- жас мамандарды белсенді зерттеу жұмыстарына тарту. - білім беру процесін жақсарту мен зерттеу сұрақтарын нақтылау. - Жоғары білім сапасын әлемдік деңгейге көтеру.
Кәсіби қоғамдастықтың дамуындағы рөлі	ПОҚ-тың біліктілігін арттырып, тәжірибе арқылы білім беру қағымдастығының дамуына үлес қосу.

Бұл кестеде Action Research арқылы ғылымдағы диссеминация тақырыбымен байланысты негізгі аспектілердің интерпретациясы жазылған.

ПОҚ-тың кәсіби дамуы – тиімді зерттеу және тәжірибе жасаудың жоғары стандартын сақтау үшін қажетті Hard дағдыларды, білім мен икемділікті, зерттеудің инновациялық әдістерін және кәсіби зерттеу құзыреттіліктерін жақсартуға бағытталған кәсіби қызметті үздіксіз жетілдіру және өсу процесі құратынын зерделейді.

Нәтижелер. Action research-ті ЖОО оқытушыларының кәсіби тәжірибелерін *диссеминациялау* негізінде университеттің бірнеше кафедраларында келесі негізгі нәтижелер алынды:

Оқытушылардың белсенділігін дамыту Action research-ке қатысатын оқытушылар өздерінің кәсіби тәжірибелерімен басқа да әріптестерімен бөлісу нәтижесінде өздеріне сын пікір, кері байланыстар алу арқылы олардың зерттеу белсенділігінің айтарлықтай жақсарғанын атап өтті. Мысалы, зерттеу барысында оқытушылар рефлексия, деректерді талдау және зерттеу әдістерін өз тәжірибелерінде қолдану дағдыларын дамытты. Зерттеуге

қатысушылар сондай-ақ әріптестерімен тәжірибе алмасу және нәтижелерді талқылау арқылы олар өздерінің педагогикалық тәжірибелерінде инновациялық тәсілдерді сенімдірек пайдалана бастағанын ерекше назарға алуға болады. Мұны 2-кестеден көруге болады.


Университет оқытушылары арасында Action research қаншалықты белсенді қолданылатынын білу үшін "Leuata" шаблону негізінде дескрипторлық статистикалық сұрақтардың түріне шағын сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға онлайн түрде Абай университеті, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Есенов университетінің профессор-оқытушылар құрамы қатысты. Action research негізінде ЖОО оқытушыларының зерттеу қызметін дамыту мәселелері зерттеушінің мүдделері мен тәжірибесі негізінде туындауы мүмкін, оның өз тәжірибесін зерделеу кезінде зерттеу мәселесі оның кәсіби проблемасынан туындауы мүмкін. Зерттеуді Action research-тің спираль принципін негізделген қарапайым сұрақтардан тұрды[11].

Action research оқытушылардың зерттеу этикасына, ұжымдық педагогикалық мәдениеттің дамуына барынша әсер етеді. Оқытушылар ынтымақтастық пен өзара ғылыми орта құру арқылы өз жетістіктерімен, зерттеу нәтижелерімен белсенді бөлісе бастады. Бұл өз кезегінде білім беру процесін одан әрі жақсартуға бағытталған жаңа бастамалар мен жобалардың пайда болуына алып келді. Жүргізілген эксперименттің жоспары мен нәтижелерін кесте-2 және 1-суреттен көруге болады.

Кесте-2. Оқытушылардың зерттеу этикасының интерпретациясы

№	Категориялары	Респонденттердің пайыздық көрсеткіштері	Интерпретациясы
1	Практикалық зерттеумен айналысады	34,7%	Action Research тәсілін өз тәжірибелеріне жаңадан еңгізу процесі кез-келген ақпараттарға ашық және өзгерістерден қорықпауды үйретеді. Бұл кәсіби қызметте академиялық еркіндікті арттыру қажеттігін көрсетеді.
2	Тәжірибелі мамандардан кеңес алу	44%	ЖОО оқытушыларының көпшілігі зерттеу белсенділігін арттыру үшін қолдауды қажет етеді. Бұл ресурстардың немесе білімнің жетіспеушілігінен болуы мүмкін.
3	Өзіндік тәжірибесін тереңірек түсіну	94%	Профессор оқытушы құрамы кәсіби тәжірибесін жақсарту мақсатында өзіндік қол жеткізген нәтижелерімен бөлісу керектігін түсінеді. бұл олардың ғылымға тереңірек ену процесін көрсетеді.
4	Зерттеу нәтижелерінің оқыту процесіне әсері	74%	Оқытушылардың көпшілігі тәжірибе тарату практикасының өзіне де оқыту процесіне де оң әсерін береді және осындай инновациялық қызметі арқылы өзін-өзі дамытады.

RESEARCH негізінде ЖОО оқытушыларының зерттеу белсенділігін д




1-сурет- Сауалнаманың диаграммалық көрсеткіші

Төмендегі QR код арқылы зерттеу жұмысының деректерді талдау нәтижесін қарауға болады.



Жалпы ғылыми жобаның негізгі бағытына сәйкес эксперимент үшін екі университеттің оқытушыларының зерттеу белсенділігін анықтау мақсатында бірнеше аналитикалық талдаулар жүргізілген болатын. Олардың қорытынды нәтижесі 2- суреттегі диаграммада берілген.



2-сурет- Оқытушылардың зерттеу белсенділігі деңгейінің салыстырмалы көрсеткіштерінің нәтижесі

Талқылау. Университет оқытушыларының кәсіби тәжірибесін таратуды әртүрлі оқыту және дамыту бастамалары арқылы тиімді көрсетуге болады. Бұл бастамалар педагогикалық тәжірибені жетілдіріп қана қоймай, жеке және кәсіби өсуге ықпал етеді.

Зерттеу барысында оқытушыдердің біліктілігін арттырудың жан-жақты тәжірибесінің оң әсері анықталып, орта мектеп оқытушыдерін даярлауға қатысқан университет оқытушыларының қанағаттанушылығының жоғары деңгейі анықталды. Бұл тәжірибе кәсіби қайта құруға және оқу тәжірибесін жақсартуға ықпал етті. Сондай-ақ оқытушылардың зерттеу белсенділігіне тежеу болатын факторлардың бірі – кәсіби күйзеліс (*профессиональное выгорание*) екендігін баса айтты.

Бүгінде университет профессорларының кәсіби күйзеліс қиындықтарын түсіну өте маңызды. Өйткені, кәсіби күйзеліс мәселесін шешу білім беру ұйымдарында профессор – оқытушы құрамының кәсіби іс-әрекетке қанағаттануына байланысты. Оқытушылардың тұрақты кәсіби даму мүмкіндіктерін құру үшін «Жоғарыдан төменге» қарай принципі бойынша әкімшілік тарапынан жан-жақты қолдау қажет. Мысалы, зерттеу нәтижелерін жариялау үшін демеуші болу, ҚРҒЖБМ тарапынан уәкілетті орган ұсынған журналдар тізімінің барлық өңірдегі номерлеріне магистрант, докторант, жас зерттеушілермен қатар профессор-оқытушылардың да қолжазбаларын уақтылы жариялап отыру бойынша жұмыстарды жүйлеу, академиялық еркіндік бойынша отандық жоо-на тәжірибе алмасу мақсатында «100 ғалым» жобасын енгізу т.б. Бұл мысалдар кәсіби тәжірибенің тиімді таралуын көрсетсе де, барлық оқу бағдарламалары бірдей нәтиже бермейтінін мойындау маңызды. Қатысушылардың қатысуы мен институционалдық қолдаудың өзгермелілігі нәтижелерге айтарлықтай әсер етуі мүмкін.

Зерттеуге 123 респондент қатысты. Еліміздің үш университетінің ПОҚ-ның зерттеу белсенділігін анықтау мақсатында сауалнама алынды. Нәтижелері оқытушылар арасында тәжірибе тарату және "Action research" туралы ақпараттың болуы және олардың өз тәжірибелерін өзгертуге деген сынтасының зор екендігін байқатты, әйткенмен, өз тәжірибелеріне өзгерістер енгізу дағдыларының жеткіліксіздігі айқындалды. Осы тұрғыдан алғанда, эксперимент қорытындысы бойынша респонденттердің жалпы саны сауалнама тек 34,7% жауап берді:

- "Иә, Мен өзімнің кәсіби тәжірибемді таратамын" деушілер – 93,6% көрсетті. жауап берді: – "бұл Мен үшін зерттеудің жаңа түрі". Екінші сұрақ бойынша "Сіз зерттеу қызметінің қандай инновациялық түрлерін білесіз бе? Зерттеудің бейресми формалары қандай?" сұрағына көпшілігінің Action Research тәсілін енді біліп жатқандығын алға тартты, үшінші мәселе бойынша әрбір жоо оқытушылары кәсіби тәжірибені жиі жетілдіріп отыру керетігін айтты. Респонденттердің 44%-ы зерттеу белсенділігін арттыру үшін ғалымдардың көмегі қажет себебі, зерттеу тәжірибелерінің қазіргі жайын білу үшін мониторинг жасаудың қиын екендігіне баса назар аударды ал олардың 94%-ы жақсы нәтижеге жету үшін зерттеу тәжірибесін тереңірек түсіну қажеттігін мойындады.

Қорытындылай келе, «Сіздің ойыңызша, оқытушының жеке кәсіби тәжірибесінің таралуы олардың зерттеу құзыреттілігіне әсер етеді ме?» – сауалына оқытушылардың 74% зерттеу нәтижелерін тарату өзінің зерттеу белсенділігін арттыруға тікелей әсер бар,- дейді. Бұдан шығатын нәтиже оқытушылар өздерінің зерттеу белсенділігін арттырғысы келетінін байқатты. Қатысушылардың 86%-ы «Өзін-өзі өзгертуге деген ұмтылыс» ретінде түсінетіндігі белгілі болды. Сондай-ақ, зерттеу тақырыбына қатысты жоғары оқу орындары оқытушыларының сауалнамалық сұрақтарына жауаптардан олардың зерттеу жұмыстарын жүргізуде белсенділік танытпайтындығы анықталды. Олардың көпшілігіне ғылыми тұжырымдарды тұжырымдау кезінде өз ойларын еркін және жүйелі түрде жеткізу қиын, сыни ойлаудың жеткіліксіз деңгейі, сондай-ақ сындарлы шешімдер қабылдауда қиындықтары бар екендігі айқындалды.

Сауалнама барысында әсіресе жас ғалымдар мен докторанттардың жауаптарын қорытындылай келе, олардың шығармашылық міндеттерге құмар екендігі анықталды, бірақ сонымен

бірге олардың таңдауын негіздеу қиынға соғады және жүйелі қорытынды жасаудан ішкі қорқыныш сезінеді. Оқытушылардың Action research-ке қатысты сауалнаманың жауаптарынан олардың зерттеу тәжірибесінде белсенділік бар, бірақ ғылыми еңбектерді тұжырымдау кезінде өз ойларын еркін және жүйелі түрде білдіру қиынға соғатыны, сыни ойлаудың жеткіліксіз деңгейі, сондай-ақ зерттеудегі қиындықтар. сындарлы шешімдер қабылдау.

Алынған нәтижелер Action research білім беру сапасын көтерудің басты құралы екендігін растайды. Бастысы, оқытушыларды зерттеу процесіне белсенді жүйелі түрде араластыру олардың өз тәжірибесімен бөлісу кәсіби жетілудің айғағы.

Диссеминация ұжымдық педагогикалық мәдениеттің дамуын ынталандырып, жаңа идеялар мен инновациялардың пайда болуына әкеп соғады. Осылайша, диссеминация жеке оқытушылардың статусына оң әсерін беріп, тәжірибесін жақсартуға көмектесіп қана қоймай, зерттеу университетінің рейтингісін көтеруге ықпал етеді.

Зерттеу барысында бір қатар кедергілердің де барын айта кету керек. Оң нәтижелерге қарамастан, зерттеу кейбір шектеулерді де анықтады. Атап айтқанда, Action research-ті енгізу айтарлықтай уақытты және ұйымдастырушылық ресурстарды қажет етеді, бұл оқу және әкімшілік жұмыстарға шамадан тыс жүктелген оқытушылар үшін қиын болуы мүмкін. Сонымен қатар, Action research-тің жетістігі көбінесе мотивация деңгейіне және оқытушылардың қатысуына байланысты, бұл контекстке байланысты өзгеруі мүмкін. Болашақта Action research-ті іске асыруда оқытушыларды қолдау әдістерін әзірлеуге және бейімдеуге, сондай-ақ осы әдісті білім беру мекемелерінде қолданудың ұзақ мерзімді әсерін зерттеуге бағытталған зерттеулерді жалғастыру қажет. Сонымен, Action research арқылы оқытушылардың кәсіби диссеминациялау зерттеу белсенділігін арттырып, тәжірибені жақсарту факторы ретінде өзінің тиімділігін дәлелдеді. Бұл процесс олардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға және зерттеу мәдениетін қалыптастыруға ықпалы зор. Оқытушылардың тәжірибесіндегі оң әсерлерді барынша арттыру мақсатында олардың зерттеу қызметінде қолдау тетіктерін дамыту қажет.

Қорытынды. Action research арқылы оқытушылардың өз тәжірибесін тарату кәсіби тұрғыда білім сапасын арттыру құралы ретінде жоғары оқу орындарында білім беру процесінің сапасын арттырудың тиімді тәсілі болып табылатынын көрсетті. Action research нәтижелеріне негізделген оқытудың жаңа әдістерін енгізу студенттердің үлгерімі мен белсенділігінің айтарлықтай жақсаруына әкеледі.

Action research табысының негізгі элементтерінің бірі – рефлексия және алынған деректерді үнемі талдау. Бұл процестер ПОҚ-тың өзіндік тәжірибелерін терең түсінуіне ықпал етіп, қажетті түзетулерді уақтылы енгізіп отыруға мүмкіндік береді. Зерттеу нәтижелерін әріптестерімен бірлесе синтез жасау ПОҚ-тың өзара коммуникативтік, коллаборациялық дағдыларын күшейтеді және коучтық оқыту мен ынтымақтастық мәдениетінің ауқымын кеңейте түседі. НЗМ әріптестер коучингті Ұстаздардың құпия, белсенді және жасампаз өзара әрекеттестік үрдісі деп қарастырады. Авторлардың пайымдауынша, ұстаздар қолданыстағы оқыту тәжірибелерін бірлесіп ойластыру, идеялармен алмасу, коуч тарапынан рефлексиялық диалогке тарту негізінде әріптестер өз жұмысының жекелеген салаларын жетілдіру, оларды тереңірек дамытып, анағұрлым жоғары сапалық деңгейге көтеру және іске асыру жөнінде шешім қабылдау мақсатында кәсіби білімін, игерген дағдылары мен тәжірибесін жетілдіретін үдеріс болып табылады[12].

Action research-ке қатысу – олардың рефлексивті ойлау деңгейі мен сындарлы талдауын және инновациялық қабілеті сынды маңызды кәсіби дағдыларын дамытуды көздейді. Бұл құзыреттіліктер оқытушыларға заман талабына сай ылғи өзгерісте болатын білім беру ортасына ұтымды бейімделуге және педагогикалық тәжірибелерін жақсартуға үлкен септігін тигізеді. Тәжірибені тарату білім беру қоғамдастығына Action research оң әсер етеді. Зерттеу нәтижелерін тарату және әріптестердің өзара тәжірибе алмасуы жаңа бастамалар мен заманауи инновациялық жобалардың пайда болуына себепші болады, бұл өз кезегінде

жоғары білім беру ұйымдарының сапасын жан-жақты өзгертеді. Ары қарайғы зерттеулердің шектеулері мен болжамдары: айқын артықшылықтарға қарамастан, Action research тәсілін бұл жүйеге кіріктіру үшін белгілі бір ресурстар мен уақытты барынша қажет етеді және кәсіби тәжірибені таратудың сондай-ақ білім беру процесін жетілдірудің қуатты құралы ретінде тұрақты даму тетіктерінің тиімділігін арттырады[13]. Ең бастысы оны қолдану – инновациялық және рефлексивті ғылыми орта құруға болады. Онда мүмкіндігінше әр оқытушы мен студент үздіксіз оқыту мен даму процесінің белсенді қатысушысына айналады.

Action research теориясы бірегей және оның дамуы үздік тәжірибелерді диссеминациялау негізінде өзгеріске ұшырайтындығын ескере отырып, жас зерттеушілерге мынадай ғылыми ұсыныстар беруге болады:

- Жеңілден ауырға қарай бірізділік принципін сақтау; (Action research әдісін

жаңадан бастаған жас ғалымдар үшін шағын ғылыми жобалардан бастау керек. Себебі, онда зерттеудің негізгі кезеңдері мен әдістерін жақсы түсінуге, сондай-ақ педагогикалық тәжірибелерді одан әрі жетілдіру үшін өзгеріске жетелейтін алғашқы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді).

- Рефлексиялық дағдыларын дамыту; (Action research-тің негізгі бөлігі

Ретінде педагогикалық іс-әрекетті үнемі түсіну әдістерінің күшті және әлсіз жақтарын анықтауға және оларды жақсарту жолдарын табуға кепілдік береді). Сондай-ақ, бақылау журналын жүргізу, өз ойларын жазып жүру және әртүрлі тәсілдердің зерттеушілердің нәтижелеріне қалай әсер ететінін үздіксіз талдау болып табылады.

- Әріптестермен ынтымақтастық құру; (Action research ұжымдық өзара әрекеттесу контекстінде тиімді жүзеге асырылады. Озат әжірибелі зерттеуші ғалымдардың кеңесіне құлақ түріп, бірлескен жобаларды орындауға ұсыныс жасаған ұтымдырақ. Тәжірибе алмасу және нәтижелерді ұжымдық талқылау жас мамандардың білімін кеңейтуге және кәсіби даму процесін жеделдетуге кепілдік береді);

- Деректерді талдауға назар аудару; (Сәтті жүргізілген жоспарлы зерттеудің деректер қорын мұқият жинау және оның демократиялық дұрыстығына көз жеткізген абзал. Педагогикалық коллаборация тиімділігін бағалау үшін сандық және сапалық тұрғыдан дұрыс ойластырылған әдіснаманы қолдану маңызды. Себебі, ол статистикалық әдістерді, сұхбаттарды, сауалнамаларды және бақылауларды қолдану қорытындыларды негіздеу үшін пайдалануға болатын объективті деректерді алуға көмектеседі.

- Эксперименттен жасаудан және өзгерістен қорықпау; (Кәсіби еркіндік беретін үдеріс ретінде Action research ашық зерттеулер мен инновациялық жаңа идеяларды енгізудің бірегей мүмкіндігін ұсынады. Жас ғалымдарға бұл процесс толыққанды зерттеу қызметіне қатысты ойланып-толғануға талдау-сараптау жүргізуге ғылыми тәжірибесін жақсартатын жаңа тәсілдерді әзірлеуге және оны сынауға батыл болу ұсынылады. Эксперимент мұқият жоспарланып, деректер қоры мен теориялық негіздемелерге бағытталуы тиіс.

- Зерттеу қорытындысы бойынша алынған нәтижелерді баспа беттері-

не жариялау; (Ғылыми жұмыстың негізгі аспектілерінің бірі – зерттеу нәтижелерін жариялау үшін өзіндік қолжазбаға сыни тұрғыда күмәнмен қараудың маңызы зор, сонымен қатар, сыншы достың пікіріне де жүгіну мақалаға сапалық тұрғыдан өзгеріс енгізуді талап етуі мүмкін. Ғылыми монография, оқу-әдістемелік құралдар жазу конференциялар мен семинарларда зерттеулер нәтижелері бойынша баяндамалар оқу қажет болады.

Ғылымға үлес қосуға мүмкіндік беретін диссеминация мәселесі университет оқытушыларының кәсіби беделін арттырып, ынтымақтастықтың және жаңа мүмкіндіктерге, жол ашады, желілік байланыстарда алыс-жақын шетел ғалымдарының қоғамдастығына кіруге мүмкіндік береді. Сондықтан, тәжірибе тарату ғылыми прогресті жеделдетіп, уақытты дұрыс басқаруға, өзгермелі адаптивті ғылым әлеміне енуге күш пен стратегияны қалыптастырады.

Мақала Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім министрлігінің ИРН АР 14872311 гранттық қаржыландыру бойынша «Action Research ретінде зерттеудің бейресми нысандарын практикаға интеграциялау негізінде ЖОО оқытушыларының зерттеу белсенділігін дамытудың теориясы мен технологиясы» жобасы аясында жазылды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2023-2029 жылға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 2023ж. 28 наурыз № 24 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>
2. Berikkhanova A., Sapargaliyeva B., Sarsenbayeva L., Assilbayeva F. Conceptualising the Integration of Action Research into the Practice of Teacher Education Universities in Kazakhstan. *Education Sciences*. – 2023. – Vol. 13, Iss. 10. – Article number 1034. <https://www.mdpi.com/2227-7102/13/10/1034>
3. Wilson E. *School-based Research*. London: Sage, 2013. – 357 p.
4. Lewin K. *Field theory in social science*. New York: Harper & Row, 1951. –P 169.
5. Elliott, J. (1991). *Action Research for Educational Change*. McGraw-Hill Education.
6. Муканова Н.Түлегенова Б. Педагогикалық шеберлік. Оқу-әдістемелік құралы. Орал, 2020. -108б. <https://wku.edu.kz/images/usm/psixolog/mukanova.pdf>
7. Altrichter, H., Feldman, A., Posch, P. and Somekh, B. (2007) *Teachers Investigate Their Work: An Introduction to Action Research across the Professions* [Оқытушыдер өз жұмыстарын зерттейді: мамандықтағы іс-әрекеттегі зерттеуге кіріспе] (2nd edn). London: Routledge. Baumfield, V., Hall, E. and Wall, K. (2008) *Action Research in the Classroom* [Сыныптағы іс-әрекеттегі зерттеу]. London: Sage.
8. Herr, K. and Anderson, G.L. (2005) *The Action Research Dissertation: A Guide for Students and Faculty* [Іс-әрекеттегі зерттеу тақырыбына диссертация: Студенттер мен оқытушыларға арналған нұсқаулық]. DOI : <https://doi.org/10.4135/9781452226644>
9. Stenhouse, L. (1985) *Research as a Basis for Teaching: Readings from the Work of Lawrence Stenhouse* [Зерттеу – оқыту негізі ретінде: Лоуренс Стенхауздың жұмыстарынан алынған мақалалар]. London: Heinemann.
10. McNiff, J. and Whitehead, J. (2011) *All You Need to Know About Action Research*. 2nd Edition, Sage Publications, London. [Іс-әрекеттегі зерттеу туралы нені білу керек] (2nd edn). London: Sage.
11. Исследование учителем собственной практики. Метод. Пособие /Сагинов К.М., Ермагамбетова Г.Н., Атейбек С.Т. – Астана: Центр педагогического мастерства АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2014. – 147 с.
12. Исследование учителем собственной практики. Методическое пособие /Сагинов К.М., Ермагамбетова Г.Н., Атейбек С.Т. – Астана: Центр педагогического мастерства АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2014. – 147 с.
13. Kemmis, S., & McTaggart, R. (2005). *Participatory Action Research: Communicative Action and the Public Sphere*. В NK Denzin & YS Lincoln (Eds.), *The Sage handbook of quality research* (3rd ed., pp. 559–603). <https://psycnet.apa.org/record/2005-07735-023>
14. In Denzin, N. K., & Lincoln, Y. S. (Eds.), *The Sage Handbook of Qualitative Research*. Sage Publications. <https://psycnet.apa.org/record/1994-98625-000>
15. Eileen Ferrance. *Themes in education Action Research Northeast and Islands Regional Educational Laboratory At Brown University/2000 Brown University*. Available at: http://www.lab.brown.edu/pubs/themes_ed/act_research.pdf (accessed: 30.10.2013).
16. Берикханова А.Е., Асилбаева Ф.Б. Психолого-педагогические основы диагностики исследовательской активности преподавателей вуза на основе Action research. *Вестник КазНПУ имени Абая. Серия «Психологические науки» №1 (75), 2023 г. Стр. 186-199.* <https://bulletin-sychology.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/1314/682>

References:

1. *Strategiya «Qazaqstan-2050»*. Astana, dekabr', 2012. <https://primeminister.kz/kz/gosprogrammy/strategiya-kazahstan-2050>
2. Berikkhanova A., Sapargaliyeva B., Sarsenbayeva L., Assilbayeva F. Conceptualising the Integration of Action Research into the Practice of Teacher Education Universities in Kazakhstan. *Education Sciences*. – 2023. – Vol. 13, Iss. 10. – Article number 1034. <https://www.mdpi.com/2227-7102/13/10/1034>
3. Wilson E. *School-based Research*. London: Sage, 2013. – 357 p.
4. Lewin K. *Field theory in social science*. New York: Harper & Row, 1951. –P 169.
5. Муканова Н.Түлегенова Б. Педагогикалық шеберлік. Оқу-әдістемелік құралы. Орал, 2020. -108б. <https://wku.edu.kz/images/usm/psixolog/mukanova.pdf>
7. Altrichter, H., Feldman, A., Posch, P. and Somekh, B. (2007) *Teachers Investigate Their Work: An Introduction to Action Research across the Professions* [Оқытушыдер өз жұмыстарын зерттейді: мамандықтағы іс-

әрекеттегі зерттеуге кіріспе] (2nd edn). London: Routledge. Baumfield, V., Hall, E. and Wall, K. (2008) *Action Research in the Classroom* [Synnytazy is-әрекеттегі зерттеу]. London: Sage.

8. Herr, K. and Anderson, G.L. (2005) *The Action Research Dissertation: A Guide for Students and Faculty* [Is-әрекеттегі зерттеу тақырыбына dissertaciya: Studentter men oқыtushylarға арналған нұсқаулық]. DOI : <https://doi.org/10.4135/9781452226644>

9. Stenhouse, L. (1985) *Research as a Basis for Teaching: Readings from the Work of Lawrence Stenhouse* [Zertteu – oқыtu negizi retinde: Lourens Stenhauzdyң zhұmystarynan alynған мақалalar]. London: Heinemann.

10. McNiff, J. and Whitehead, J. (2011) *All You Need to Know About Action Research. 2nd Edition*, Sage Publications, London. [Is-әрекеттегі зерттеу туралы neni bilu kerek] (2nd edn). London: Sage.

11. Issledovanie uchitelem sobstvennoj praktiki. Metod. Posobie /Saginov K.M., Ermagambetova G.N., Atejbek S.T. – Astana: Centr pedagogicheskogo masterstva AOO «Nazarbaev Intellektual'nye shkoly», 2014. – 147 s.

12. Issledovanie uchitelem sobstvennoj praktiki. Metodicheskoe posobie /Saginov K.M., Ermagambetova G.N., Atejbek S.T. – Astana: Centr pedagogicheskogo masterstva AOO «Nazarbaev Intellektual'nye shkoly», 2014. – 147 s.

13. Kemmis, S., & McTaggart, R. (2005). *Participatory Action Research: Communicative Action and the Public Sphere*. V NK Denzin & YS Lincoln (Eds.), *The Sage handbook of quality research* (3rd ed., pp. 559–603). <https://psycnet.apa.org/record/2005-07735-023>

14. In Denzin, N. K., & Lincoln, Y. S. (Eds.), *The Sage Handbook of Qualitative Research*. Sage Publications. <https://psycnet.apa.org/record/1994-98625-000>

15. Eileen Ferrance. *Themes in education Action Research Northeast and Islands Regional Educational Laboratory At Brown University/2000 Brown University*. Available at: http://www.lab.brown.edu/pubs/themes_ed/act_research.pdf (accessed: 30.10.2013).

16. Berikkhanova A.E., Asilbaeva F.B. *Psihologo-pedagogicheskie osnovy diagnostiki issledo-vatel'skoj aktivnosti prepodavatelej vuza na osnove Action research*. Vestnik KazNPU imeni Abaya. Seriya «Psihologicheskie nauki» №1 (75), 2023 g. Str. 186-199. <https://bulletin-sychology.kaznpu.kz/index.php/ped/article/view/1314/682>

IRSTI 14.07.01

<https://doi.org/10.51889/2959-5762.2024.83.3.013>

Sailaubay A.,^{1*} Myrzakhmetova N.,¹ Tunçel Mehmet²

¹ Kazakh national women's pedagogical university, Almaty, Kazakhstan

² Niğde Ömer Halisdemir University, Niğde, Turkey

INTEGRATION OF EDUCATION AND SCIENTIFIC RESEARCH IN AN EDUCATIONAL INSTITUTION

Abstract

The article deals with the problem of differentiation and scientific research of scientific knowledge in chemistry at the university. The strategic foundations of science and education incorporation in modern society are presented, together with the main objectives and tasks to enhance their collaboration. The combination of science and education on the foundation of universities has been formed as a multifaceted process, involving the construction of a global data environment, a unified educational space, and the employment of various new teaching methods.

One of the research disciplines of chemistry at the university was chosen as a model for studying the mechanisms of integration and differentiation. The relational integration of various fields of knowledge and scientific research in chemistry is considered in detail.

The paper exposes the issues that initiate the procedure of combining pedagogical education with science; reveals the areas of work of the department that contribute to the development of scientific research and interaction of the educational process; proposes new fundamental and comprehensive professional skills required for the construction of upcoming bachelors and masters of pedagogical education ready for an innovative combination of knowledge and scientific activity centered around the exploration of the field; educational and analyzed ways to improve the effectiveness of the pedagogical university in the integration of research works are proposed.

The purpose of the article is to offer an opportunity to study chemical theories, to develop knowledge and scientific and theoretical knowledge of universities.

Keywords: integration, research work, integration of science and education, competence, deepening integration.